

Атасу кентіндегі Школьный орамын Дүйсенов Жолкеннің атымен қайта атау туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Атасу кенті әкімінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 02 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 желтоқсанда № 3589 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес Атасу кентінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңаарқа ауданы, Атасу кентіндегі Школьный орамы Ұлы Отан соғысының ардагері және еңбек ардагері Дүйсенов Жолкеннің атымен қайта аталсын.

2. Осы шешімінің орындалысына бақылау жүргізу Атасу кенті әкімінің орынбасары Мейрам Наурызбайұлы Қуанышбековке тапсырылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Әкім

Р. Тусупов